

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ
АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТІ




КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С.Д.АСФЕНДИЯРОВА

Ерте кезеңдегі ұлы дәрігерлер


Орындаған: Баймухамет Жансая
Топ: 020-1

Аристотель (грекше: Ἀριστοτέλης *Aristotélēs*) (б.з.д. 384 — б.з.д. 322 жылдар) — ежелгі грек философы, Платонның шәкірті, Ұлы Александрдың ұстазы. Ол түрлі-түрлі тақырыптарға зерттеулер жазған, соның ішінде физика, метафизика, ақындық өнер, театр, музыка, логика, шешендік өнері, саясат, үкімет, этика, биология және зоология.



Гиппократтың шәкірті, философия ілімінің бірінші ұстазы сол кездегі басқа да ойшыл ғалымдармен қатар барлық ғылымдардың, оның ішінде морфологияның дамуына да зор үлес қосты. Аристотель салыстырмалы әдістерді пайдалана отырып, жануарлардың **500-ден** аса түрлерінің дене **құрылысын** зерттеу арқылы өз заманына сай морфологиялық ғылыми тұжырымдар жасаған. Аристотель **жануарлар** денесінің еркін қозғалысын мидың басқаратындығын, сүйекқаптың маңызын, жүрек пен **қан** тамырларының байланысын дұрыс түсініп, жүйкені (нервті) басқа мүшелерден ажырата білген. Аристотель өзінің ғылыми еңбектерімен салыстырмалы анатомияның, зоологияның және эмбриологияның негізін қалаған.

Цельс Авл Корнелий
(б.з.б. 25 — б.з. 50) —
ежелгі римдік
Энциклопедист-ғалым.



Цельс грек дерек көздерін негізге алып, 25 — 30-дай “Ғнер” (“Artes”) деп аталатын энц. еңбек жазған. Бұл еңбегінде ол философия, риторика, құқық, медицина, а. ш., әскери іс, т.б. ғылым салалары туралы мағлұматтар берген. Осы еңбегінің (20 кітаптан тұратын) ішінен медицинаға арналған “Медицина” (“*De medicina*”) (6 — 13 кітаптар) деген бөлімінде ежелгі грек дәрігерлерінің шығармаларын басшылыққа ала отырып, гигиена, диететика, патология, терапия және хирургия туралы жазған. Цельстің бұл еңбегі — ежелгі заманның латын тілінде жазылып, біздің заманымызға жеткен жалғыз мед. шығарма болып саналады. Цельс мед. терминологияның негізін салды.



Клавди й Гален

CLAUDIUS GALIENUS

Ежелгі дәуірдің дәрігері Галеннің арқасында медицина қызметінде дуализм жарық көрді.

Клавдий Гален Пергане қаласында атақты архитектор Никонның жанұясында дүниеге келген.

*17 жасстан бастап медицинамен айналысқан Перган, Коринф, Афина және Александрияда білім алған, біршама тілдерді біліп, көп саяхаттаған. Гиппократтан кейінгі зерттеулер мен бақылаулар жүргізген римдік **анатом және физиолог** ғалым.*

✓ Перганға оралғанда бірнеше жыл бойы гладиатор мектебінде дәрігер боп жұмыс жасайды. Гладиатор көтерілісінен Римге көшіп келіп, лекциялармен, медицина тәжірибесімен белгілі болған.

✓ Гален медицина саласындағы 125 еңбектің авторы (бізге тек 80 жетті).

✓ Ең маңыздысы еңбектері: *«Анатомия туралы»*

«Терапевтік әдістер»

«Ауру денелердің бөлшектері»

«Дәрілердің құрамы туралы»

«Адам дене бөліктерінің міндеттері туралы»


атты еңбегінде анатомиялық тұрғыдан өзінің пікірін білдіріп, мүшелердің анатомиялық құрылымының қызметімен тығыз байланысты екенін көрсеткен. Ол аталмыш еңбегі медицинада 13 ғасыр бойы құндылығын жоймай оқытылып келген.

✓ Галеннің бірнеше еңбектері «Гиппократтың жинағымен» таныстырды. «Анатомиялық бұлшық еттер туралы» трактатта 300 бұлшық ет бар екені баяндалған, олардың ішінде адамдарда болмағандары да бар.

Негізгі ашқан жаңалықтары:

- Мидан тарайтын **12 жұп** жүйкенің **7 жұбын** толық сипаттап берген.
- Дәнекер ұлпасы, бұлшықеттер, жүйке тамырлары, бауыр мен бүйрек қантамырларын зерттеген.
- Ішкі мүшелер мен сүйек қабығын, сіңірлерді де сипаттаған.
- Жүректің анатомиялық құрылысын, күре тамырдың ағу жолын дұрыс түсіндірді. Жүректің қоршауын қанға өткізгіш деп санады. Бұл дұрыс емес көзқарас XVI ғасырға дейін дұрыс деп саналды.

*Өзінің оқыған
дәрістерінде
маймылдың мәйітін
алғаш рет қолданған.
Себебі ол кезде адам
мәйітімен жұмыс
істеуге рұқсат
етілмеген.*



*Гален Александрияға
келгенде, онда адамдар
мүрдесімен жұмыс істеу
тоқтатылғандықтан, ол
маймылдар, шошқалар,
иттер мен тағы басқа
жануарларды зерттеумен
айналысты.*



Әбу Наср Әл-Фараби Әбу Наср Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870, Отырар қаласы — 950, Сирия, Шам) — қазақ даласынан шыққан ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Әскербасының отбасында дүниеге келген.

Оқу жолы

Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұхара, кейін Харран, Мысыр, Халеб (Алеппо), Бағдад шаһарларында білім алған.

Шығармашылық жолы

Әбу Наср Әл-Фараби — түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, “Әлемнің 2-ұстазы” атанған ғұлама. Оның заманы “Жібек жолы” бойындағы қалалардың, оның ішінде

Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Наср Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді.

Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты.

Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды.

Медицинаға қосқан үлесі



Әл-Фараби – артына ірілі-ұсақты 150- ге жуық ғылыми еңбек қалдырған данышпан.

- Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына **«Медицина каноны»** атты еңбегімен сүбелі үлес қосты.
- Ғылыми бағыттардың жіктелуіне арналған **«Бесінші трактатында»** адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, мида жүйке орталықтары мен сезімтал және қозғалтқыш жүйкелер болатындығы туралы пікір айтқан
- **«Адам ағзасындағы мүшелер»**
- **«Жануарлар ағзасындағы мүшелердің құрылысы мен қызмет »**

Әбу Насыр әл-Фараби – Аристотельден кейінгі ойшыл, кемеңгер философ. **Әл-Фарабидің медицина ғылымдарының теориялық мәселелерін терең білгендігі оның еңбектерінен белгілі.**

Әл-Фараби өмір сүрген заманда жаратылыстану ғылымының дамыған саласының бірі **медицина** болды. Оны сол кезде **«емдеу шеберлігі ғылымы»** деп атады. Ол **«Медицинаның міндеті – тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді»** – деп көрсеткен. Әл-Фарабидің медицинаға ерекше көңіл бөліп адам ағзасының (организмінің) кейбір тұстарын зерттегенінен мысал келтірейік: **«Қайырымды кала»** еңбегінде жүрек туралы өте құнды пікірлер айтқан, мысалы, **«жүрек – табиғи жылылықтың көзі»**. Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады; **«жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай мүшесі билемейді»** және т. б. Шынында да, жүрек жұмысы өздігінен жүзеге асады. Жүректің соғуын ешкім тоқтата алмайды. Әл-Фараби тек өз пікірлерін айтып қана қоймай, ұлылардың ұлысы Аристотель, К. Галеннің зерттеулеріне өз көзқарасын білдірген.




Парацельс - (1493 - 1541 жж.) әйгілі алхимик, ятрохимия негізін қалаушы. [1] Оның шын есімі - Теофраст Бомбаст фон Гогонгейм.

Парацельс Швейцарияда туған. 30 жасында дәрігер лауазымын иеленіп, медицина мен фармакология жайлы көптеген мақалалар жазған. Соңғы күндерін Зальцбургта кедейлікпен, аштықпен өткізген. Оның жаңалықтарына көптеген бәсекелестері қарсы тұрды. Оның өмірі жайлы мәліметтер аз. Жаңа заман адамдары оны Парацельс (латынша - аса мейрімді адам). Парацельс ғылым тарихына ятрохимияның (иатрохимия) негізін қалаушы ретінде кірді.

Андреас Везалий

(1514-1564 ж.ж.)



□ Морфологияның, оның ішінде анатомия ғылымының негізін қалаған "Қайта өрлеу" дәуірінің майталман табиғаттану зерттеушісі,


□ Падуан университетінің профессоры, анатомиялық әдістерді пайдаланып, адам организмін алғашқы зерттеген ғалымдардың бірі.

□ А. Везалий адам организмі мүшелері мен мүшелер жүйелерінің құрылысын жете зерттеп, **"Адам денесінің құрылысы туралы"** жеті томдық еңбек жазған (1543ж.).

□ Бұл еңбегінде А. Везалий анатомиялық зерттеу әдістері мен морфологиялық номенклатураны жаңа бағытта қалыптастыруға айрықша көңіл бөліп, өзіне дейінгі ғалымдардың морфологиялық зерттеулерде жіберген қателерін жөндеген ғұлама.

□ Ол, әсіресе, өз зерттеулері негізінде К. Галеннің қалыптасқан көзқарастарына түбегейлі өзгерістер енгізді.

Гарвей (Harvey)
Уильям (1578-1657
7 ж.ж.) — қазіргі
кездегі
физиология мен
эмбриология
ғылымдарының
негізін
қалаған **ағылшын**
дәрігері.



Жұмыстары:

Гарвей 1628 жылы жарық көрген *"Жануарлар жүрегі мен қанның қозғалысы туралы анатомиялық зерттеу"* атты еңбегінде **жануарлар** организмі қанайналымы жүйесінде үлкен қанайналым шеңберінің болатындығын тәжірибе жүзінде дәлелдеп, ірі **қан** тамырлары

— **артериялар** мен **веналардың** арасында, оларды өзара байланыстыратын тым жіңішке қан тамырларының болатындығы туралы болжам айтып, қанайналым ілімі туралы дұрыс ғылыми тұжырым жасаған.

У. Гарвей 1651 жылы шыққан *"Жануарлардың пайда болуы"* деген еңбегінде *"Отне vivit ex ovo"*, яғни *"Барлық тіршілік тек жұмыртқадан"* деген өз тұжырымын айтып, **морфологияның** эмбриология саласының қалыптасуына атсалысты.

1633 жылы У. Гарвей жануарлар эмбриологиясы жөніндегі ауқымды еңбегін жарыққа шығарды. Аталған ғылыми көзқарастары үшін У. Гарвей Галеннің кезінен бері қалыптасқан ғылыми тұрғыдағы замандас ғалымдар мен шіркеу қызметкерлерінен көп қудалау көрді.



Медицинаға қосқан үлесі
Уильям Гарвей - ағылшын дәрігері, **анатом**.
Қанайналымның тұйық екенін алғаш рет дұрыс түсіндірген. Үлкен қанайналым шеңберінің болатынын ашқан ғалым. Ол физиология ғылымының негізін салушы ғалым.